

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

2

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2016

НАУРЫЗ  
МАРТ  
MARCH

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байгулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і:

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагиян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

**М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2016

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

**M. Zh. Zhurinov**,  
academician of NAS RK

Editorial board:

**N.A. Aitkhozhina**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

**E.P. Velikhov**, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

ISSN 1991-3494

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2016

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

## HISTORIOGRAPHIC ANALYSIS OF SOURCES PUBLISHED ON "CULTURAL HERITAGE" PROGRAM

<sup>1</sup>M.A. Zholseytova, <sup>2</sup>E.Zh. Satov

<sup>1</sup>Teacher IKTU named after K. Yasavi, assistant professor

<sup>2</sup>PhD students 1 course IKTU named after K. Yasavi

**Keywords:** «Cultural Heritage», documents, Turkish, Russian, details, source criticism, classification, research.

**Abstract.** In this article the author pays particular attention to the historiographic analysis of Russian and Turkic sources that were published on the state program "Cultural heritage". In the course of the study there were widely used methods such as critical analysis, classification, content analysis, comparative and binary method. The authors also explore the ancient medieval Turkic and Russian linguistics, comparing them with similar term languages. Values textual "Runic inscriptions" and "Kulteğin" have also become objects of study. Improve the scientific value of labor source analysis made by sources that have come to light on state program. And also in the article it is given an overview of Persian, Arabic, Chinese sources on the history of Kazakhstan.

ӨОЖ: 94 (574) 008 (574)

## «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАРЫҚ КӨРГЕНҚҰЖАТТАРҒА ДЕРЕКТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ ЖАСАУ

М.А. Жолсейтова<sup>1</sup>, Е.Ж. Сатов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>А. Ясауи атындағы ХҚТУ оқытушысы, т.ғ.к., доцент

<sup>2</sup>А. Ясауи атындағы ХҚТУ 1-курс PhD докторанты

**Түйін сөздер:** Мәдени мұра», құжаттар, түрік, орыс, деректемелер, деректану, сынау, сыныптау, зерттеулер.

**Аннотация.** Бұл мақалада авторлар «Мәдени Мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген орыс және түрік құжаттарына деректанулық талдау жасаған. Талдау барысында сынау, сыныптау, контент-анализ, салыстырмалы, бинарлы әдістер кеңінен қолданылды. Сонымен қатар ежелгі түрік жазуы мен орта ғасырлық орыс жазуының қазіргі жазулармен тілдік айырмашылықтары ашып көрсетілген. «Руна», «Күлтегін» жазуларына ерекше көңіл бөлініп, оның мән-мағынасына байланысты зерттеулердіназардан тыс қалдырмаған. Еңбектің ғылыми құндылығын мемлекеттік бағдарлама аясында жарық көрген кітаптарға деректанулық талдаудың жасалғандығы арттырады. Сондай-ақ аталмыш мақалада Қазақстан тарихына қатысты парсы, қытай, араб тілдерінде жарық көрген құжаттарға шолу жасалынды.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін өзіміздің мәдениетіміз бен тарихымызды қайта қарап, бір жүйеге келтіру маңызды қадамдардың бірі болды. Осыған байланысты Қазақстанның президенті Н.Ә. Назарбаев «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы жарлыққа қол қойды. 2004-2011 жылдарды қамтыған аталмыш бағдарлама елдің ғылымы мен білімін, мәдениеті мен салт-дәстүрін соны белеске көтерді. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ел тарихына қатысты көптеген шет елдік және отандық құжаттар жинақталып, жүйелі түрде баспадан шыққан болатын. Мәселен, Қазақстан тарихына қатысты орыс, түрік, араб, парсы, қытай тілдерінде деректемелерден тұратын бірнеше томдық кітаптар сериялары жарық көрді. Осындай сериялы көптомдық еңбектердің қатарында орыс және түрік тілді деректемелердің маңызы зор. Өйткені түбі бір түркі тілдес халықтарға ортақ түрік тілі мен екі жарым ғасырдан астам қазақ жерін өз бұғауында ұстаған орыс халқының тілінде жазылған іргелі зерттеулердің маңызы өте зор.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында төл тарихымызға қатысты көптеген шетел деректері жинақталып, кітап болып жарыққа шықты. Дерек көздерінің жарыққа шығуына, яғни, ғылыми айналымға қосылуына «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары бас редакциясының алқасы мұрындық болды. Олардың құрамы төмендегідей: М.А. Құл-Мұхаммед (бас редактор), М.М. Тәжин (бас редактордың орынбасары), Н.М. Нұрғазин (жауапты хатшы), Ж.М. Әбділдин, М.Қ. Әбдусейітова, М.М. Әуезов, К.М. Байпақов, К.Н. Бұрханов, Е.Қ. Ертісбаев, С.З. Зиманов, Ә. Кекілбаев, С.А. Қасқабасов, М.М. Мағауин, С.А. Мәмбеев, Ә.К. Нұрпейісов, Ә.Н. Нысанбаев, Е.Р. Рахмадиев, Қ.С. Сұлтанов, О.О. Сүлейменов, И.Н. Тасмағамбетов, К.Ш. Хұсайынов Еліміздің осындай саяси және аксиологиялық элиталары мәдени құндылықтарымыздың қайта жандануына өзіндік үлестерін қосуда. Осындай қарымды қаламгерлердің қолынан туындаған еңбектердің бірі Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Бұл кітап бес том болып жарық көрген. Аталған еңбек алаш жұртының орта ғасырлық кезеңі бойынша бірден бір құнды дерек көздерінің бірі. Әсіресе, деректердің құндылығы жағынан екінші томның маңызы орасан зор. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері 250-300 беттік + 140-150 беттік жапсырма түрінде баспадан шықты. Таралымы арнайы тапсырыспен 3000 дана болып жарық көрді. Бұл кітап бес том болып жарық көрген.

Бірінші том – Өтеміс қажы. «Шыңғыс-наме» (факсимиле, транскрипциясы, мәтіннамалық ескертулер, зерттеу мақалалары, түсіндірмелері мен көрсеткіштері.)

Екінші том – Ежелгі түрік жазбаша ескерткіштерінің жинағы: Орхон, Енисей, алас ескерткіштері. Бұл том бойынша Ресейде (Новосибирск, Абакан, Минусинск, Қызыл), Монғолияда, Қырғызстанда, Шығыстану археографиялық экспедициялары жүргізілді.

Үшінші том – Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесі» тілінің индекс-сөздігі.

Төртінші том – Мұхаммед Садық Қашқари «Тазкира-и азизан» (факсимиле, аударма, түсіндірмелер, көрсеткіштер).

Бесінші том – XV-XX ғасырдың басы аралығындағы түркі тілдес деректемелерден «үзінділер жинағы». Бұл тақырып бойынша Шығыстану археологиялық экспедициясы, Ыстанбұл, Қазан қалаларына іссапарлар өткізілді[1].

Бұл аталмыш томның мазмұнына үңілу арқылы еңбектің экстраваганттылығын көрсетуге болады:

Біріншіден, түрік елінің жазба мәдениетіне байланысты, оның тәріптік, фонологиялық жүйесіне байланысты толықтай мағлұматтар келтірілген. Сол Бітіктас жазбасы негізінде Орхон түрік, Енисей түрік, Талас түрік тарихи ескерткіштеріне түсініктер берілген.

Екіншіден, 252+144 жапсырмалық парақтардан тұратын кітапта кестелер кездеседі. Түрік бітік тіліндегі таңба әріптердің фонологиялық құрамының кестесі берілген: дауысты және дауыссыз дыбыстардың буындық айтылымы.

Үшіншіден, сонымен қоса еңбекте көне түркі тіліндегі сөздердің қазақ тіліндегі сөздермен салыстыратын салыстырмалы кесте де көрініс тапқан.

Төртіншіден, сондай-ақ әрбір тарихи ескерткіштерге жалпылама сипаттама берілген.

Бесіншіден, иллюстрациялық белгілерді және оларда бейнеленген сөздерді, мәтіндерді айтуға болады.

Дегенмен осы томның олқылығы ретіндегі бірқатар элементтерді көрсеткен жөн.

Біріншіден, барлық Қазақстан тарихы бойынша деректерді ғылыми рәсімдеу мен техникалық безендіруде бірқатар кемшіліктер жіберілген. Мәселен, кітаптардың сыртқы және бірінші мұқабасында деректемелері, дәлірек айтсақ, Қазақстан тарихы бойынша түрік деректемелері деп көрсетілген. Деректеме деген сөздің ғылыми ұғымын, мәнін ашатын болсақ және оны орыс тіліне аударып көз жеткізсек, реквизи́т деген мағынаны береді. Ендеше, бұл басылымдар деректер емес Қазақстан тарихы бойынша деректемелер болып шығады. Алайда, кітаптардың ішкі мазмұнын талдасақ, ол деректеме емес белгілі бір дәуірлер мен кезеңдерге арналған жазба дерек болып табылады. Сөзімізді дәйектей отырып, профессор Қ.М. Атабаевтың: «соңғы жылдары деректеме деген термин орыс тіліндегі источник деген терминнің баламасы ретінде қолданылып жүр. Деректеме деген термин орыс тіліндегі источник емес, реквизи́т деген терминнің мағынасын білдіреді», - деп айтқаны осының айғағы[2]. Ал халықаралық терминге жүгінетін болсақ, деректеме (реквизи́т) дегеніміз анықтамалық құжат, құжаттық мәлімет мағынасына ие. Деректемеде мөр, мөртабан, субъектінің қолтаңбасы және т.б. ресми белгілердің көрініс табуы тиіс. Сол себепті «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген еңбектердің атауы «Қазақстан тарихы бойынша ... дерек көздері» деп өзгертілгені дұрыс.

Екіншіден, кей ұғымдарға байланысты түсіндірме сөздік толық берілмеген немесе түсініксіз берілген. Мәселен, Қазақстан тарихы бойынша түрік деректемелері атты еңбекте «Түрік Елі әлсіреген кезден бастап, әуелі көне түрік тілінің, одан кейін моңғол тілдерінің негізгі трансформациялық әліпбиі болып қолданыла бастады» деген сөйлемде «трансформациялық» деген ұғымды – белгіленімдік деп аударған[3.1].

Аталмыш ұғымының өзге де альтернативті нұсқалары берілмеген. Ал халықаралық терминологиялық сөздікте «трансформация» - белгілі бір құбылыстың, үдерістің, жүйенің ішкі немесе сыртқы факторларға байланысты өзгеріске ұшырауы деп анықтама берілген.

Үшіншіден, оқырмандар қауымға деректі оқытудың әдіс-тәсілдері көрсетілмеген. Мәселен, «Дж. Клоусон: «Қапаған, Білге қағандар заманындағы Ел етміш йабғұнның үлкен ұлы Ышбара тамған тархан мен кіші ұлы Алып Ел етміш Білге Ышбараға арналып, 1731 жылы орнатылған деген тұжырым жасайды». Ал А.А. Раджабов болса Елтеріс қағанның нөкерлерінің бірі Ышбара тамған тарханға арнап, 692-689 жылдары туысқандары Елетміш йабғұ мен ағасы Чұр йоға екеуі орнатқан дейді. В.Е. Войтовтың пікірінше, қытай деректерінде кездесетін Елтеріс қағанның ортаншы інісі Дусифу мен Ел етміш йабғұ бір адам деп пайымдайды. Ел етміш йабғұның бірнеше ұлдарынан оған арнап, үлкен ұлы Ышбара тамған чұр йабғұ мен ортаншы ұлы Алып Ел етміш Білге Ышбара тамған тархан тарапынан 719-720 жылдары орнатылған деп көрсетіледі»[3.2] деген мәтінді ұғыну тек қалың оқырманға ғана емес, тіпті, кәсіби мамандар үшін де қиындық туғызады

Төртіншіден, деректер көбінесе орыс тілінен қазақ тіліне сөзбе-сөз аударылған. Орысша нұсқасын оқып отыруды талап етеді. Мысалы, Хуан Тингуй, Ярхасан қатарлылары деп рядовой сөзін аударған[3.3]. Рядовой ол қатарлы емес, қатардағы жауынгер немесе жауынгер деп аударылғаны дұрыс. Болашақта мұндай олқылықтар орын алмас үшін орыс тілінен немесе өзге тілдерден қазақ тіліне сөйлемдерді, мәтіндерді аудару барысында негізінен оның мән-мағынасына көңіл аударған жөн.

Көшпелі тұрмыс кешкен халықтың өркениеттілікке жеткендігінің басты нышаны жазба ескерткіштерінің болуымен сипатталады. Бұл жөнінде Көне түркі жазбаларын зерттеуші ғалым Қаржаубай Сартқожаұлы: «Ғылым әлемінде түркі жұртының жәдігері ретінде танылған жазулар 2500жылдан бері бар деп есептеледі. Әзірге мәлім болған есеп бойынша, көне түрік жазуымен тас бетінде 240-тай, қағаз бен теріге 310 беттей мәтін түсіпті. Манихей әрпімен 544 бетке жуық мұралар, ұйғып әрпімен 1000-ға тарта мәтіндер, 10-ға жуық кітаптар жасалыпты. Араб қаріпі мен жазылған орта ғасырлық дүниелер қаншама» дейді. Міне, осыларды дерек көзі ретінде тиімді пайдалана білу түбі бір түркі халықтарының тарихын терең білуге көмектесері сөзсіз.бұлардың қатарында «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» тариха ескерткіштердің орны ерекше», деп атап көрсеткен болатын[4.1].

Түркітануда бүгінгі Моңғолия жеріндегі көне түрік бітіктастары мен тарихи ескерткіштерін шартты түрде «Орхон ескерткіштері» деп атау қалыптасқан. «Орхон ескерткіштері» ұғымының пайда болуының да өзіндік себептері бар:

1. Орхон өзенінің бойы еуразиялық ареалдағы далалық номадтық өркениеттің Ұлы Хүн этносаяси бірлестігінің бас шаһары болды.

2. Сянби, Тоба, Жужан, Түрік империясының, ұйғыр, қырғыз этносаяси мемлекеттері мен Моңғол империясының негізгі ордасы, киелі қара шаңырағы болды.

3. Осы тас жазбалар тұңғыш рет Орхон және Енисей Өзендерінің аңғарларынан табылады.

Яғни бұл өңір ғасырлар тоғысы бойына далалық өркениеттің кіндігі, сарқылмас бастау бұлағы болды. Сонымен қатар Орхон өзені алқабы сан мыңдаған тарихи жәдігерлерге бай. Көшпелілердің қасиетті мекені болған Ұлы даланың шығыс бөлігінен табылған, кейін ғылымға «Орхон-Ентсей жазуы» деген атпен енген, алтайлық түріктер жазып қалдырған тас кітаптар әлем тарихына «түрік әлемі», «түрік тілі» деген жаңа ұғымдарды енгізді. Түрік жазуы Орхон-Ентсей бойында ғана емес, түрік тектес халықтар жайлаған жерлердің барлығынан да табыла бастады. Талас, Іле, Ертіс өзеендерінің бойынан табылғандардың өзі-ақ бүгінгі Қазақстан жерін мекендеген байырғы халықтардың әлімсақтан бері парсы тілінде емес, кәдімгі көне түрік тілі диалектісінде сөйлегенін дәлелдеп берді[5].

Осы Орхон және Енисей ескерткіштері күллі түркі жұрты үшін өте құнды, маңызды тарихи жәдігер болып табылады. Мәселен, алаш жұртында да бұл ескерткіштер зерттелуде. Мәселен, 1970 жылы археолог ғалым Кемал Ақышевтың жетекшілік етуімен Іле өңірінің тау бөктеріндегі Есік қаласы іргесінен біздің жыл санауымыздың бұрынғы V-IV ғасырлардың мұрасы деп есептелінген үлкен қорым қазылды. Қабірдің ішінен алтынға бөленген адамның сүйегі табылды. Жауынгер

болуы керек. Үстіндегі киімі де, басындағы дулығасы да, асынған қанжары мен семсерінің сабы да, тұтынған ыдыстары да, не керек, бәрі алтын. Ең ғажабы, құпиялы жұмбақ жазуы бар тостағаншаның табылуы еді. Тостағаншадағы жазу небәрі 26 әріптен құралып, екі жолға жазылған. Бұл жазуды мамандар көне түрік жазуы деп мойындап, оны оңнан солға қарай қарай оқып: «Аға, саған бұл ошақ! Бөтен, жат ел адамы, тізенді бүк! Халықта азық, түлік мол болғай!» деп сөйлетті Алтай Аманжолов. «Бұл жазудың аса бір құндылығы Қазақстан жерін ертеде мекендеген сак тайпаларының тілі көне түрік тілі болғандығын тағы да дәлелдей түседі. Сонымен қатар Қазақстан жеріндегі ежелгі көшпелілерде жазу-сызу болмады-мыс деген дәстүрлі пікірдің ешбір негізсіз екенін айқындап, бұдан екі жарым мың жыл бұрын түркі тілдес тайпалардың әліпбилік жазуды білгендігін және оның кең түрде қолданылғанын куәландырады», дейді көне жазулардың құпия сырын ашып, ортақ игілікке жаратуды тиянақты еңбек етіп, зерттеу жұмысын тынымсыз жүргізіп келе жатқан ғалым, филология ғалымдарының профессоры Алтай Аманжолов.

Орхон бітіктастары мен ескерткіштерінің кеңістік аумағы – Алтай, Хаңгай, Соен, Кентай тау жоталары, Гоби шөл даласы және осы тау-жота, дала алқабындағы Орхон, Селеңгі, Туыл, Онгин, Керулен, Онан, Қобда өзендерінің бойы мен Көпсукөл, Қырғыз, Қарасу, Ұбсы көлдерінің жағалауы. Демек, көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері Моңғолияның шығысынан батысына, солтүстігінен оңтүстігіне дейінгі төртбұрышында түгел кездеседі.

Жалпы, Моңғолиядағы түрік бітіктастарының өзіндік ерекшелігі олардың ірі ескерткіш кешендерде орнатылуы деуге болады. Ондай ескерткіш кешен құрамында кесене, бітіктас, тасбақа немесе тұғыртас, бәдіздер, балбалдар, қорған, сандықтас және т.б. бар.

Осы Орхон бітіктастары мен ескерткіштері кешенінің ең ірі тарихи жәдігерлерінің бірі «Күлтегін» тас жазбасы. Аталмыш ескерткіш Далалық өркениеттің көсеміне, батырына айналған дара тұлға, саяси және таңдаулы этнос-элитаның өкілі Күлтегін баһадүрге арналған. Жалпы тас жазбада Күлтегінді былайша суреттейді: «Күлтегін көшпелілер тарихындағы ең көрнекті көсем, баһадүр тұлғалардың бірі. Ол атақты «Модун, Шыңғыс, Батый» қағандарымен паралар, тіпті өзі қаған аталмағанымен Түрік елінің ірі қолбасшысы, күллі көшпелі этностарды көк байрақтың астына біріктіруші, ұлы көшпелілер империясының сабақтастығын, дәстүрлі жорығын, жосынын жалғастыра білген кемеңгер ер, дара тұлға. Оның қылышына төтеп берген адам болған емес. Күлтегін жеті жасқа толған кезде әкесі Құтлық қайтыс болады. Қаған тағына оның інісі Қапаған отырады. Күлтегін мен Білге, Қапағанның інісі Бөгіні тақтан тайдырып, қағандық Білге қолына алады. Күлтегін ұлы империя үшін көптеген ру, тайпа, одақ, ұлыстарды бағындыруда ерекшеерлігімен көзге түсті. Ол он алты жасынан бастап оғыз, қытан, татабы, табғач, қырғыз, түргеш, соғды және т.б. елдерге жорық жасап, оларды бағындыра білген баһадүр қолбасшы»[1.2]. Міне, бұл суреттеулер Күлтегіннің тарихи сахнадағы орнын, оның Ұлы Дала империясының туы астында әр түрлі халықтар мен этностарды интеграциялауға қосқан үлесін айғақтайды.

Мұндағы мәліметтердің шынайылығын Лев Гумилевтің «Көне түріктер» атты еңбегіндегі мағлұматтармен салыстыру арқылы бинарлы әдісті пайдаланған жөн. Еңбекте: «Күш тең емес ұрыста ол не өлім немесе күң болу қаупі төнген әйелдерді қорғап, жаудың тоғыз батырын найзамен түйреп тастады, сөйтіп орданы жауға бермеді. Күлтегін тонгра тайпасын өкшелеп қуып тастады және жауға көп шығын әкелді. Күлтегін Қапаған ханның барлық сыбайластары мен кеңесшілерінің, яғни тоғыз-оғыздар үшін неғұрлым жексұрын адамдардың көзін жойды»[6.1]. Гумилев Л. Көне түріктер-Алматы, 1968 ж. сонымен қоса: «Күлтегін ескі заңды бұзбады, хан атағын қабылдамады, сөйтіп таққа Білге хан деген құрметті атақпен өз ағасын отырғызды»[6.2]. Бұл мәліметтер еңбектің шынайылық деңгейін арттыра түседі.

Күлтегіннің тарихи бейнесін кәсіби тарихшы Қаржаубай Сартқожаұлының «Орхон Мұралары» еңбегіндегі мәліметтен де көруге болады. Мәселен, «Күлтегін байыркудың ақ айғырын мініп, опыра шабуылдап бір ерін оқпен ұрды. Сол жылы Күлтегін ақ бас атымен Түркеш қаған қолын өкшелей қуып шабуылдады. Түркеш қағаны Аз-Тұтықтың елін жаулап алды. Қағанын өлтіріп, елін жаулап алды. Қара түркеш халқы бағынып, қоластына кірді. Күлтегін қарлұқтарға қарсы алып шалысты атын мініп, опыра шайқасты. Күлтегін отыз бір жасында аз халқының Елтеберін тұтқындады. Аз халқы осылайша жойылды. Бір жылда бес жолы соғысты»[4.2].

Мына мағлұматтар «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында шыққан «Қазақстан тарихы бойынша Түркі деректемелері» еңбегінің объективтілік деңгейін арттыра түседі.

Орхон тас жазбаларының ішіндегі ең ірі тарихи жәдігерлердің бірі Білге қаған тарихи ескерткіші. Осы жазбада Білге қағанды былайша бейнеленген: «Білге қағанның тоғыз жасар кезінде әкесі Құтлық қайтыс болады. Түрік елінің тағын оның інісі Қапаған иеленеді. Қапағанның



інісі Бөгүден кейін таққа отырған Білге қаған он тоғыз жыл билік етті. Білге қаған он үш жасында шад атағын алады. Он жеті жасында Таңғытқа, он сегіз жасында алты чұб, табғач, он тұтыққа жорық жасап, жеңіске жеткен. Одан қырғыз, түргеш, қарлұқ, тоғыз оғыз және т.б. елдерге жорық жасаған»[1.3]. Яғни, Білге қағанның ерлігі, жорықтары, иемденген лауазымдары көрініс тапқан.

Білге қаған ескерткіштік кешенінің географиялық орны мен координатасы еңбекте анық көрсетілген. Мәселен, «Қазақстан тарихы бойынша түркі деректемелерінің» екінші томында: «Ескерткіш қазіргі Моңғолия елінің астанасы Ұланбатырдан 400 км.оңтүстік-батысқа, ежелгі Қаракорым қаласынан 45 км.солтүстікте Орхон өзенінің сол жағалауындағы кең далада Күлтегін ескерткіш кешенінен оңтүстік-шығыста 500 м.жерде орналасқан»[1.4]. Жоғарыда келтірілген мәліметтердің шынайылық деңгейін Қаржаубай Сартқожаның «Орхон Мұралары» еңбегінде көрініс тапқан мағлұматпен салыстыра отырып анықтауға болады. Шығармада: «Орталық Моңғолия Архангай аймағы Хашаты сұмыны, Орхон өзенінің шығыс жағалауы, Цайдам деген кішкентай көлшіктің батыс оң жағындағы Цайдам атты жазыққа орналасқан. Кешен Қаракорым қалашығының солтүстігінде 45 км. қашықтықта жатыр. Улан-батыр қаласынан 400 км.қашықтықта жатыр. Бұл Цайдам жазығын тұрғындар Көшө-Цайдам деп атайды. Осы Цайдам жазығының төріне орналасқан Күлтегін кешенінің оң жағында 500 метр жерде Біліге қағаны тұрғызылған»[4.3]. Демек, бұл мәліметтер еңбектің шынайылығынмарттыра түседі.

226-бетте Күлтегіннің мүсіні келтірілген. Ал мүсіннің төменгі жағында қағанның сөздері де бейнеленген:

TURUK: BUDUN UCUN:

TUN UDIMADIM:

KUNTUZ OLURMADIM:

Бұл сөздердің аудармасы беттің төменгі қабатында орналасқан: «Күн отырмадым, түн ұйықтамадым, бүтін түркі халқы үшін» деген мағына береді. Бұл мәліметті барынша объективті деп қарастыруға болады. Сөзімізді дәйектеу үшін Акселеу Сейдімбектің ... еңбегінде көрініс тапқан мағлұматпен салыстыруға болады: «Түрік халқы жойылмасын деп, ел болсын деп, әкем Елтеріс қағанды, анам Ембілгені тәңірі төбесіне тұтып, жоғары көтеріпті». Сонымен қатар Қаржаубай Сартқожаның «Орхон Мұралары» еңбегінде: «Әкеміз иелік еткен халықтың атақ-даңқы өшпесін деп түркі халқы үшін Түн ұйықтамадым. Күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге екі шадпен бірге өліп-талып иелік еттім. Осылайша иелік етіп, Күрендегі халықты от-су қылмадым»[1.4]. Күлтегін жазба ескерткішінде бейнеленген бұл мәліметтер еңбекте барынша объективті көрініс тапқан.

Мыс тиындағы жазу да Орхон-Енисей тарихи ескерткішінің маңызды элементі болып табылады. Еңбекте мыс тиындағы жазуға жалпылама сипаттама берілген және ғалымдардың еңбектеріне мысал келтіру арқылы салыстырмалы талдау жасалған. Сонымен, аталмыш жазудың тарихи хронологиясы: VI-VIII ғасырлар аралығы. Тарихи-деректанулық анықтамасы: белгісіз. Ескерткіштің аталуы: «Түрік жазуы», «Түрік жазулы тиын». Ескерткіштің географиялық территориясы: Моңғолияның Дорнод аймағы археологиялық экспедициясының зерттеуі кезінде табылған. Ескерткіштің жалпы анықтамасы: белгісіз. Мыс тиынның анықтамасы: Қытайда шығалыған «У Шу-цянь» үлгілі мыс тиын. Алдыңғы бетінде (аверсте) екі қытай иероглифі жазулы. Артқы бетінде (реверсте) көне түрік мәтіні 21 таңба-әріптен тұрады, олардың биіктігі 4-5 мм., үшкір құралмен сызылып жазылған. Мыс тиынның өлшемі: шеңбері – 2,5 см., төртбұрыш тесігі 1\*1 см., қалыңдығы – 0,1 см. Сақтаулы жері: Моңғолия археологиялық институтының зертханасы. Ғылыми зерттелуі: 1961 ж. моңғол археологі Н. Сэр-Оджав археологиялық зерттеулер барысында тапқан. 1972 жылы С.Г. Кляшторный оны б.з.д. 118 жылдан бастап, 700 жыл бойы шығарылып тұрған қытай ушуцянь типтес тиындардың бірі дей келіп, мәтінде буддалық діни оқымыстыларға тән «бақшы» деген сөз кездеседі, бұл VII-VIII ғасырларға жататын мұра деген жорамал жасайды. Ал бұл тиынды зерттеген С. Қаржаубай мәтін 17 таңба-әріптен тұрады, хронологиялық тұрғыдан Хүн дәуіріне қатысты деп болжам жасайды. С.Г. Кляшторныйдың транскрипциясы мен аудармасы:

«Да будет благословен Кумаш бакчи!»

С. Қаржаубайдың транскрипциясы мен мағыналық аудармасы:

«Самые лучшие драгоценные вещи имеются в золотой сокровищнице кагана, троне!»[4.4].

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында Суглуг-Адыр-Аксы бітіктастық кешені толықтай дерлік зерттелген. Суглуг-Адыр-Аксы (Е-61) бітіктасының тарихи хронологиясы VIII-X ғасырлар аралығын қамтиды. Тарихи-деректанулық тұрғыдан ғылымда зерттелмеген. Бітіктастың

аталуы «Суглуг-Адыр-Аксы ескерткіші», «Шанчы-1 ескерткіші». Бітіктастың географиялық аумағы Ресей Федерациясының Тыва Республикасының Чаакол ауданы Шанчы ауылынан үш шақырым оңтүстік-шығыста орналасқан. Тарихи жәдігедің жалпы анықтамасы: бітіктас тау сайының етегінде кішігірім төртбұрыш сандықтастың ортасында орнатылған. Бітіктастың анықтамасы: ақшыл-көк сланец тастан жасалған. Үш жол мәтін қашалған. Таңба қашалған. Жазулы тұсынан 0,33\*0,27 \*0,23 м.бөлігі сынып түскен. Бітіктастың архитектуралық өлшемі: биіктігі – 1,36 м., ені –0,13-0,28 м., қалыңдығы – 0,28-0,36 м. Сақтаулы жері: өзінің орнатылған қалпында сол табылған орнында тұр. Тарихнамасы: 1962 жылы З.Б. Чадамба (Арагачи) тапқан. Д.А. Грач археологиялық қазба жүргізген[1.5].

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізілген археологиялық экспедиция барысында аталмыш бітіктасты зерттеушілер 2004 жылы 29 шілдеде тағы да қайталап егжей-тегжейлі зерттеп тексерген болатын. Осы сапарда Тува гуманитарлық зерттеу институтының ғылыми қызметкерлері В.С. Салчак, Б.Б. Монгуш, К.-М. А. Симчит және жергілікті тұрғын Норбу Данзын-оол Ховалыгович, Норбу Амир Данзыл-оол тарапынан Қазақстан археологтарына көмек көрсетілді.

#### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері I Том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005, – 400-б.
- [2] Атабаев Қ.М. Деректану. – Алматы: Қазақ тарихы, 2007, – 261-б.
- [3] Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері II Том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005, – 397-б.
- [4] Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003, - 392-б.
- [5] Салғараұлы Қ. Ұлы Қағанат. – Алматы: Фолиант, 2008, - 312-б.
- [6] Гумилев Л. Көне түріктер. – Алматы, 1968.

#### REFERENCES

- [1] Kazakstan tarihy turaly tyrki derektemeleri I Tom. – Almaty: Dajk-Press, 2005, – 400-p.
- [2] Q.M. Atabaev. Derektanu. – Almaty: Kazak tarihy, 2007, – 261-p.
- [3] Kazakstan tarihy turaly tyrki derektemeleri II Tom. – Almaty: Dajk-Press, 2005, – 397-p.
- [4] Q. Sartkozha. Orhon myralary. – Astana: Kulteegin, 2003, - 392-p.
- [5] K. Salgarayly. Uly Qaghanat. – Almaty: Foliant, 2008, - 312-p.
- [6] L. Gumilev. Kone tyrikter. – Almaty, 1968.

УДК: 94 (574) 008 (574)

#### ИСТОЧНИКОВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ИСТОЧНИКАМ ОПУБЛИКОВАННЫЕ ПО ПРОГРАММЕ «КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ»

М.А. Жолсейтова<sup>1</sup>, Е.Ж. Сатов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Преподаватель ИКТУ им. К.Ясави, к.и.н., доцент., <sup>2</sup>PhD докторант 1-курса ИКТУ им. К.Ясави

**Ключевые слова:** «Культурное наследие», документы, тюркский, русский, реквизиты, источниковедение, критика, классификация, исследования.

**Аннотация.** Вданной статье авторы уделили особое внимание на источниковедческий анализ по русским и тюркским источникам, которые были опубликованы по государственной программе «Культурное наследие». В ходе исследования были широко использованы такие методы как критический анализ, классификация, контент-анализ, сравнительный и бинарный метод. Также авторы исследовали древне тюркские и средневековые русские лингвистики, сравнивая их с овременными аналогичными языками. Значения текстологии «Рунической надписи» и «Культегина» также стали объектами исследования. Повышает научную ценность труда источниковедческий анализ сделанный источникам, которые вышли на свет по государственной программе. А так же в статье сделаны обзор персидским, арабским, китайским источникам по истории Казахстана.

Поступила 13.04.2016 г.

---

---

**Publication Ethics and Publication Malpractice  
in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*  
Верстка на компьютере *А.М. Кульгинбаевой*

Подписано в печать 19.04.2016.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
13,2 п.л. Тираж 2000. Заказ 2.